

*Педагогика пәнінен
дәрістерге қойылатын
педагогикалық талаптар*


Жоспар:

- Шығу тарихы
- Дәріске қойылатын педагогикалық талаптар
- Дәрістің құрылымы



Жоғары оқу орнындағы дәріс – оқытудың дидактикалық циклінің басты негізі. Оның мақсаты – студенттердің оқу материалын қабылдауларын қалыптастыру болып табылады. Заманауи жоғары мектептер үшін дәріс өте өзекті. «Дәріс» латынның «lectio» - оқу сөзінен шыққан. Дәріс ежелгі Грецияда пайда болып, көне Римде және орта ғасырларда өз жалғасын тапты.





- XIX ғ. орта тұсынан бастап бүкіл әлемдегі ғылыми және техникалық білімдердің дамуына байланысты дәрістерді студенттердің жеке және белсенділік қасиеттерін жандандыратын практикалық сабақтармен толықтырудың қажеттігі дами түсті. Танымал орыс хирургі және педагог Н.И. Пирогов егер дәріс оқушы жаңа ғылыми материалдарды игерген немесе ерекше сөз құдіретіне ие болса ғана дәріс оқу керектігін мәлімдеген болатын. Н.Г.Чернышевский, Н.А. Добролюбов, Д.И.Писарев студенттердің өзіндік жұмыстарына үлкен мән берді, сондай-ақ педагогикалық қарым-қатынас үдерісіндегі дәрістің эмоционалдық әсерін де басып көрсетті. 1896 ж. Техникалық және кәсіби білім беру жөніндегі орыс қайраткерлерінің екінші съезі дәріс оқуды қолдады, олар жанды сөзді ғылыми білімді хабарлаудың күшті құралы ретінде таныды.



- *Ал 30 жж. кейбір жоғары оқу орындарында тәжірибе ретінде дәріс оқу тоқтатылды. Тәжірибе өзін-өзі ақтамады. Студенттердің білім деңгейі күрт төмендеп кетті.*
- Ғалымдардың шешімдеріне тоқталып көрелік:
- 1. дәріс өзгелердің көзқарастарын пассив түрде қабылдауға үйретеді жеке ойлауды тежейді;
- 2. дәріс студенттердің өз бетімен білім алуларына кедергі жасайды;
- 3. егер оқу құралдары жоқ немесе жеткіліксіз болған жағдайда дәріс қажет болады;
- 4. кейбір студенттер ойлап үлгереді, ал кейбіреулері механикалық түрде дәріс оқушының сөздерін жазып алып отырады.



- **Дәріске қойылатын педагогикалық талаптар төмендегідей:**
- 1. Түсіндірілетін сауалдардың айқын құрылымға ие болып, бірізділікпен ашылуы;
- 2. Теориялық жағынан айқын маңызды проблеманы көтеру;
- 3. Алдыңғы өтілген сабақтың материалымен байланыстылық;
- 4. Сенімді мысалдар, фактілердің келтірілуі;
- 5. Оқушылардың қызығушылығын туғызып, дербес жұмыс істеуге бағдар беру;
- 6. Оқу материалының бала ұғымына сай әдістемелік өңделгенін таныту;
- 7. Оқу материалы балаларға ұсынылған -дыбыс, -бейне, жазбалармен, үлгі, көрнекілікпен үйлесуі шарт;
- 8. Балаға түсіндірілетін терминдер мен ұғым-түсініктердің үлестірме материал ретінде алдын ала таратылып беруі түрінде болып келеді

Мектептегі дәрістегі ең бастысы – ой мен жүйелілік, түсіндірілетін сауалдың қызықты тұсын көрсете білу, қысқа да, нақ, тез есте сақталатын түйіндеме жасау, оқушылардың өрелік деңгейінің артуына, бала назар аударуының мұғалім ойымен ілесіп отыруына қол жеткізу болып табылады.



Дәрістің құрылымы

Өткен дәрістердің мазмұнын еске түсіру, оны жаңа материалмен байланыстыру, пәндегі, басқа ғылым жүйесіндегі орны мен маңызын анықтау пайдалы.

Тақырыпты ашу барысында индуктивті әдісті, сондай-ақ дедукция әдісін қолдануға болады. Дәріс соңында тыңдалған мәселелер бойынша қорытынды шығарып отырған дұрыс.

Дәрістің түрлері


```
graph TD; A[Дәрістің түрлері] --> B[Кіріспе дәріс]; A --> C[Шолу-қайталау дәріс]; A --> D[Шолу дәріс];
```

Кіріспе дәріс

Шолу-қайталау
дәріс

Шолу дәріс

Миға шабуыл





Назар аударғандарыңызға

рахмет!

